

## КРЕДИТОРЛАР ТАЛАПТАРЫНЫҢ ТІЗІЛІМІНЕ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРДЫҢ (ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ) ТАЛАПТАРЫН ЕНГІЗУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ



М.А. ЕСТЕМИРОВ,  
PhD, ара оқытушы  
M. Narikbayev atyndagi Kazguu  
Universiteti

Құрылтайшылардың (қатысушылардың) талаптарын кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізудің құқықтық реттелуі мен құқыққолдану тәжірибесінің жекелеген сауалдары мақалада талданады. Автор банкроттық рәсімі барысындағы кредиторлар талаптарының тізіліміне құрылтайшылардың (қатысушылардың) талаптарын енгізу сауалдарын реттейтін құқықтық нормалардың қолданылуы барысындағы құқыққолдану тәжірибесінде пайда болған қайшылықтарға назар аударады.

*Кілтті сөздер: банкроттық, кредитор, борышкер, құрылтайшы (қатысушы), заңды тұлға, кредиторлар талаптарының тізілімі, заем шарты, жалға алу шарты, еңбек қатынастары, жалақы*

Мақалада біз көтергелі отырған сауалымыз оқырманға ұғынықтырақ болуы үшін шетелдік қайнар көздерде сипатталған келесідей мысалыны келтірсек: *С корпорациясына банкроттық қаупі төнуде. С-ның жалғыз қатысушысы SSH, дағдарыс жағдайын басынан өткеріп жатқан корпорацияны қолдау үшін заем шарты арқылы С корпорациясына қаражат береді. Дегенмен, С корпорациясы банкрот деп танылады. С корпорациясының банкроттыққа бет алғанын көрген SSH, заем шарты бойынша берген қаражатын кері қайтарып алған еді. Сонымен, С корпорациясымен істесіп келе жатқан өзге кредиторларға ештеңе қалмай қалады<sup>1</sup>.*

Жоғарыда сипатталған жағдайлар отандық іскерлік айналымда да жиі туындауда. Мысалы, отандық сот практикасына жүргізілген талдау, бір тараптан банкрот-ұйым мен екінші тараптан аталған ұйымның қатысушылары болатын қатынастарды реттеу барысындағы бірқатар сауалдарға әлі де болса негізді жауаптың берілмегендігін көрсетуде. Атап айтқанда, құқыққолдану тәжірибесінде келесідей сауалдарға қатысты өткір мәселелер туындауда. Мысалы, құрылтайшы (қатысушы) егер, банкрот ұйымда еңбек шарты арқылы қызмет еткен болса, онда бұл қызметкер (қатысушы) жалақы бойынша қалыптасқан борышты алу мақсатында кредиторлар талабының тізіліміне (*бұдан әрі* – КТТ) қосыла алады ма? Егер, қатысушының алдындағы банкрот-ұйымның міндеттемесі азаматтық-құқықтық шарттардан

© М.А. Естемиров, 2018

<sup>1</sup>Dr. Raoul Wagner. «Equitable subordination in the US and ‘Eigenkapitalersatz’ in Austria – is there a need for codification?» URL: <http://www.raoulwagner.com/Raoul%20Wagner%20equitable%20subordination%20USA%20-%20Austria.pdf> (08.10.2018).

туындаған болса, онда аталған қатысушының бұл талапты КТТ-ға қосу мүмкіндігі қандай? Егер, қатысушы өз бетімен борышкер ұйымның кредиторларының бірінің не бірнешеуінің талаптарын қанағаттандырса, онда аталған кредиторлардың талап ету құқығын алған қатысушының бұл талапты КТТ-ға ендіруіне жол беріледі ме?

Бұл сауалдардың өзектілігіне БҰҰ халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының ұсынысында да назар аударылады. Атап айтқанда, аталған ұсыныста банкрот-ұйыммен байланысы бар тұлғалардың талабы мен өзге кредиторлардың талабына бірдей режим берілуі қаншалықты орынды деген мәселе көтеріледі.<sup>2</sup>

Бұл мәселеде қалам тартқан зерттеушілер де әралуан пікір білдірде. Кейбір авторлар қатысушының банкрот-ұйымға деген талабының КТТ-ға енгізілімеуін, қатысушының ұйымның борыштары бойынша шектеулі жауаптылықта болатындығының ақысы ретінде қарастыру керектігін айтады.<sup>3</sup>

Енді, отандық заңнамадағы ережелерді талдап көрелік. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V ҚРЗ Заңының 90-бабының 6-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес кредиторлар талаптарының тізіліміне борышкер құрылтайшыларының (қатысушыларының) талаптары енгізілмейтіндігі бекітілген. Бұдан әріде, «кредиторлар талаптарының тізіліміне борышкер құрылтайшыларының (қатысушыларының) талаптары енгізілмейтіндігі» жөніндегі ереженің әралуан жағдайлардағы қолданысына зер салсақ,

#### *1. Еңбек қатынастарындағы қолданысы.*

Банкроттық рәсімге енген ұйымның қатысушысы осы ұйымда еңбек шарты негізінде жұмыс істесе және осы жұмыс істеген кезеңінде жалақы бойынша осы қатысушы алдында ұйымның борышы жиналып, кейіннен ұйым банкроттыққа енгенде аталған қатысушының осы талабын КТТ-ға қосу мүмкіндігіне қатысты қазіргі таңдағы отандық құқыққолдану тәжірибесінде екі бағыт қалыптасуда. **Бірінші бағытқа** сәйкес еңбек шарты бойынша қызмет еткен қатысушылардың жалақы бойынша ұйымға талаптарын КТТ-ға ендіруге болады. Мысалы, Маңғыстау облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (бұдан әрі – экономикалық сот) 2017 жылдың 25 шілдесіндегі №4712-17-00-2/1318 шешімі. Соттың бұл шешімінде «BURSA STROY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі (бұдан әрі – ЖШС) қатысушының осы серіктестікте директор лауазымын атқарған кездегі туындаған 1 969 262 теңге көлеміндегі талабы КТТ-ға енгізілген. Осыған ұқсас байлам Ақмола облыстық экономикалық сотының 2017 жылдың 30 қарашасындағы №1199-17-00-2а/2237 шешімінде де жасалған. **Екінші бағытқа** сәйкес қатысушылардың осы ұйымдағы еңбек еткен кезеңіндегі қалыптасқан жалақы бойынша талабын КТТ-ға енгізуге болмайды. Мысалы, Шығыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2017 жылдың 23 қарашасындағы №2а-2861-17 қаулысы. Бұл іске арқау болған дауда «Востокнефтеснаб» ЖШС-нің қатысушысы 2014 жылдың сәуірі

<sup>2</sup>Руководство для законодательных органов по вопросам законодательства о несостоятельности. URL: [http://www.uncitral.org/pdf/russian/texts/insolven/05-80724\\_Ebook.pdf](http://www.uncitral.org/pdf/russian/texts/insolven/05-80724_Ebook.pdf). С. 309 (08.11.2018).

<sup>3</sup>Алоян А.Э. Проблемы имплементации доктрины recharacterization в российскую правовую систему. // Вестник гражданского права. № 6, 2017. С. 223.

мен 2016 жылдың қазан айлары аралығындағы жалақы бойынша 4 171 097 теңге мөлшеріндегі борышты КТТ-ға ендіріп болған. Бірінші сатыдағы сот «кредиторлар талаптарының тізіліміне борышкер құрылтайшыларының (қатысушыларының) талаптары енгізілмейтіндігі» жөніндегі жоғарыдағы ережеге сілтеме жасап, қатысушының жалақы бойынша талаптарының тізілімге енгізілмейтіндігі жайлы шешім шығарады. Істі апелляциялық сатыда қараған сот, төменгі сатыдағы соттың бұл байламын күшінде қалдырады. Жоғарыда сипатталған бұл істерден, сот практикасындағы біркелкіліктің сақталынбай тұрғандығын аңғарамыз.

Банкрот ұйым мен оның қатысушыларының арасындағы еңбек қатынастарының өзектілігін келесі деректе қуаттай түседі. Атап айтқанда, үстіміздегі жылы Астана қаласының прокуратурасының ұйытқы болуымен өткізілген баспасөз мақаласында банкроттық рәсіміне енген ЖШС қатысушысының, серіктестіктің банк алдындағы 381 млн., теңге мөлшеріндегі борышын төлеткізбеу мақсатында еңбек шартын жасау арқылы өзіне бір жыл көлемінде жалпы сомасы 1 млрд., теңге мөлшеріндегі жалақы аударғандығы жайлы дерек айтылған еді. Кейіннен, аталған қатысушы (құрылтайшы) осы соманы өзі құрған серіктестіктен өндіріп алу үшін сотқа жүгініп, сот процессі барысында серіктестіктің аталған борышты мойындайтындығы жөнінде онымен бітімгершілік келісім жасасады. Бұдан кейін қатысушы атқару парағы арқылы аталған соманы серіктестіктен өндіріп алуға талпынады. Алайда, іске Астана қаласының прокуратурасы араласып, тараптардың арасындағы жоғарыдағы бітімгершілік келісімді бекіткен сот ұйғарымының күші жойылады және осы арқылы өзге кредиторлардың құқықтары мен заңи мүдделерінің қорғалуына мүмкіндік туындайды. Сондай-ақ Астана қаласы прокуратурасының мәліметі бойынша мұндай жағдай тағы да бірнеше істе тіркелген.<sup>4</sup>

Сонымен, бұл сауалды реттеуде отандық сот практикасының қай бағытта өрбігені, қалыптасқаны жөн? Банкрот-ұйымда жұмыс істеген құрылтайшының (қатысушының) жалақы бойынша талабының КТТ-ға енгізілгені жөн бе? Әлде, енгізбеу қажет пе? Бұл ұстанымдардың қайсысы, көне рим заңгері Цельстин “Ius est ars boni et aequi”<sup>5</sup> (Құқық адалдық пен әділеттік өнері)” идеясына жақын?

Осы тұста, бақылау пакетіне ие қатысушының ұйыммен еңбек қатынастарынан туындайтын талаптарының АҚШ, Германия және Австрия елдерінің құқыққолдану тәжірибесінде қалыптасқан ұстанымға сәйкес КТТ-ға енгізілмейтіндігіне зерттеушілердің назар аударып жатқандығын айта кету қажет.<sup>6</sup>

*Азаматтық-құқықтық шарттардан туындайтын талаптарды реттеудегі қолданысы.*

Келесі тоқталатынымыз, қатысушы мен банкрот ұйымның арасында жасалынған

<sup>4</sup>Прокуратурой города Астаны выявлены фиктивные задолженности на миллиард тенге. URL: <http://astana.prokuror.gov.kz/rus/novosti/press-releasy/prokuraturoy-goroda-astany-vyyavleny-fiktivnye-zadolzhennosti-na-milliard> (10.10.2018).

<sup>5</sup>Дигесты Юстиниана / Перевод с латинского; Отв.ред. Л.Л. Кофанов. Т. I. 2-е изд., испр. М.: Статут, 2008. С. 83.

<sup>6</sup>Dr. Raoul Wagner. Equitable subordination in the US and ‘Eigenkapitalersatz’ in Austria – is there a need for codification? URL: <http://www.raoulwagner.com/Raoul%20Wagner%20equitable%20subordination%20USA%20-%20Austria.pdf> (08.10.2018).

азаматтық-құқықтық шарттардан туындайтын борыштар бойынша талаптарды КТТ-ға ендіру мәселесі болмақ. Алдымен жалға алу шартынан туындаған борышқа қатысты қабылданған Шығыс Қазақстан облыстық экономикалық сотының 2016 жылдың 24 наурыздағы №2-631\16 шешімінде сипатталған мына бір іске назар аударалық. Бұл істі қарау барысында «Дворец Культуры Ульбинского металлургического завода» ЖШС-нің жалғыз қатысушысы «Ульбинский металлургический завод» акционерлік қоғамы екендігі, аталған қатысушының өзі құрған серіктестікке әралуан жалға алу шарттарының негізінде мүліктерді уақытша пайдалануға бергендігі және осы шарттар бойынша серіктестіктің мойнында өзінің жалғыз қатысушысы болып табылатын акционерлік қоғамның алдында 270 416 511, 68 теңге мөлшерінде борышы бар екендігі белгілі болды. Сонымен, сот үлкен мөлшерде борышы болуы себепті, аталған серіктестікті банкрот деп тану туралы талаппен осы серіктестіктің жалғыз қатысушысы акционерлік қоғам сотқа жүгінген кезде «кредиторлар талаптарының тізіліміне борышкер құрылтайшыларының (қатысушыларының) талаптары енгізілмейтіндігі» жөніндегі ережеге сілтеме жасап, талапты қанағаттандырусыз қалдырады. Бұл істе сот, жалға алу шартынан туындайтын талаптың КТТ-ға енгізілмейтіндігі жайлы байламға келеді.

Ал, банкрот-ұйым мен оның қатысушысының арасында заем шарты жасалып, осы шарттың негізінде қатысушы өзі құрған ұйымға қаражат беретін болса, мәселе қалай шешілетін? Қатысушының өзі мүше болып табылатын ұйымға заем шарты арқылы берген сомасынан бастау алатын талапты КТТ-ға енгізу мүмкіндігіне қатысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының (бұдан әрі – ҚР ЖС) 2018 жылдың 02 мамырындағы №6001-18-00-3ПП/16 қаулысында сипатталған мына бір іске назар аударсақ. Атап айтқанда, бұл істегі «МКО «И» ЖШС-нің келесідей төрт қатысушысы болған: «Ф» акционерлік қоғамы – 49%; Ш. есімді жеке тұлға - 48%; Ч. есімді жеке тұлға - 1%; Н. есімді жеке тұлға - 1%; Я. есімді жеке тұлға - 1%. Сонымен, «Ф» акционерлік қоғамы өзі қатысушы болып табылатын аталған серіктестікке 2008 жылдың 15 шілдесінде және 2011 жылдың 15 шілдесінде жасалынған заем шарттары арқылы 50 000 000 теңге берген. Енді, 2017 жылы «МКО «И» ЖШС банкрот деп танылып, КТТ-ны қалыптастыру кезінде «Ф» акционерлік қоғамы аталған заем шарттарынан туындайтын талабын да КТТ-ға ендірмекші болады. Алайда, уақытша басқарушы аталған талапты КТТ-ға ендіруден бас тартады және мұның негіздемесі ретінде «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V ҚРЗ Заңының 90-бабының 6-тармағының 3)-тармақшасына сілтеме жасайды. Уақытша басқарушының бұл әрекетімен келіспеген «Ф» акционерлік қоғамы сотқа шағымданады. Бірінші сатыдағы сот талапты орынды деп тауып, КТТ-ға ендіру жайлы байлам жасап, апелляциялық саты шешімнің күшін жойып, талапты қанағаттандырусыз қалдырады. Ал, ҚР ЖС бұл іс бойынша қабылданған жоғарыдағы қаулысында «Ф» акционерлік қоғамының талабын КТТ-ға ендіруге болады деген байлам жасайды.<sup>7</sup> Дәл осы сауал, Ақтөбе облыстық экономикалық сотының 2017 жылдың 31 қазанындағы №1513-17-00-2/2354 шешіміне арқау болған істе де көтеріледі. Бұл істе «КандыагашБурСервис» ЖШС-нің уақытша басқарушысына 13 570 000

<sup>7</sup>Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының № 6, 2018 Бюллетені. Б. 15-17.

теңге мөлшеріндегі талабын КТТ-ға ендіру өтінішімен «АРПАУЭР-КРОФТ» ЖШС-і жүгінеді. Алайда, уақытша басқарушы «КандыағашБурСервис» ЖШС-і мен «АРПАУЭР-КРОФТ» ЖШС-нің құрылтайшысы бір тұлға екендігіне назар аударады және «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V ҚРЗ Заңының 90-бабының 6-тармағының 3)-тармақшасын басшылыққа алып, «АРПАУЭР-КРОФТ» ЖШС-нің талабын КТТ-ға ендіруден бас тартады. Бұл істен уақытша басқарушының белгілі-бір деңгейде батыс құқық жүйелеріне мәлім «Piercing the corporate veil («Корпоративтік пердені түру»)» ережесін қолданғандығын аңғарамыз. Өкінішке орай, бұл істе уақытша басқарушының талапты КТТ-ға ендіруден бас тартқан әрекетін сотқа шағымданып жүгінген «АРПАУЭР-КРОФТ» ЖШС-нің талабын, сот, шағымдануға көзделген мерзімнің өтіп кеткендігіне сілтеме жасап қанағаттандырусыз қалдырады.

Жоғарыда сипатталған бұл істерден азаматтық-құқықтық шарттардан бастау алатын талаптарды КТТ-ға ендіру бойынша отандық құқыққолдану тәжірибесінде әралуан байламдардың жасалып жатқандығы белгілі болды. Банкрот-ұйымның 5% үлесін (акциясын) иеленетін қатысушының (акционердің) заем шарты арқылы қаржы ұсынуы мен банкрот-ұйымның 70% не 100% үлесін (акциясын) иеленетін қатысушының (акционердің) заемға қаржы ұсынуы бірдей реттелуі тиіс пе?

Осы тұста, бұл сауалдарды реттеудегі шетелдік құқық жүйелерінде қалыптасқан бағыттарды талдап көрсек.

#### *Ресей тәжірибесі.*

Алдымен, Ресей Федерациясының Жоғарғы Сотының (бұдан әрі – РФ ЖС) экономикалық даулар жөніндегі Сот алқасының 2015 жылдың 06 тамызындағы №302-ЭС15-3973 ұйғарымына тоқталсақ. Бұл істе «Агентство Норильск Авиа Сервис» жауапкершілігі шектеулі қоғамының 70% үлесін иеленетін қатысушы, 21 130 000 руб. мөлшеріндегі талабын КТТ-ға ендіріп болып сотқа жүгінеді. Бірақ, істі қараған бірінші сатыдағы сот, бұл талапты қанағаттандырусыз қалдырады және ұйымның 70% үлесін иеленетін қатысушының талабының өзге кредиторлардың талабымен бәсекелес бола алмайтындығына, ұйымның қызметінің теріс салдарларын қатысушылардың теңдей бөлісуі қажеттілігіне назар аударады. Бұл ұстаным кейінгі шағымдану сатыларындағы соттар тарапынан да қолдау табады. Алайда, істі қараған РФ ЖС экономикалық даулар жөніндегі Сот алқасы бұл ұйғарымның күшін жойып, істі қайта қарауға жібереді.<sup>8</sup> Осы істегі байламдарға баға берген Е.Д. Суворов, бақылау пакетін қолына шоғырландырған қатысушының заем шартынан туындайтын талабының, сыртқы кредиторлардың талабымен бәсекелеспейуі керек екендігі жайлы ойын ортаға салады және мұның негіздемесі ретінде келесідей дәйектерді алға тартады: *біріншіден*, аталған қатысушының қолында бақылау үлесі бар, істі жүргізу тізгіні өзінің қолында болғандықтан, талпыныс сәтсіз аяқталған ретте бақылауға ие қатысушының жеңілістің дәмін бірге татуы әділеттілікке көбірек жақын; *екіншіден*, бақылау үлесіне ие қатысушыға жеткілікті деңгейде ұйымды қаржыландырмады деген мін тағылуы мүмкін; *үшіншіден*, қатысушы мен сыртқы кредитордың жағдайларының әралуан болуы, яғни, қатысушыда ықпал ету

<sup>8</sup>Суворов Е.Д. Банкротство в практике нового Верховного Суда РФ за первый год работы (2014-2015): акты и комментарии. М.: Статут, 2016. С. 32-39.

тетіктері анағұрлым көбірек; *төртіншіден*, қатысушы заем шарты арқылы өзі беріп тұрған соманы, шын мәнінде, кейіннен талап етілетін сома ретінде қарастырмайды; *бесіншіден*, ұйымды қаржыландырудың осы жолын таңдаған қатысушыға өзге кредиторларға зиян келтірмек болды деген мін тағылуы мүмкін.<sup>9</sup>

РФ ЖС қатысушының банкрот ұйымға деген талабын КТТ-ға енгізу сауалына қатысты 2015 жылы білдірген өзінің жоғарыдағы ұстанымын, 2017 жылы қайта өзгертті. Атап айтқанда, РФ ЖС экономикалық даулар жөніндегі Сот алқасының 2017 жылдың 06 шілдесіндегі № 308-ЭС17-1556 және №308-ЭС17-1556 ұйғарымдарында келесідей мән-жайлар сипатталады. Ұйымның 50% үлесін иеленетін қатысушы заем шарты арқылы ұйымды қаржыландырса, ал қалған 50% үлесті иеленетін екінші қатысушы ұйымның міндеттемесі бойынша сыртқы кредиторлардың алдында кепіл болушы болады және ұйымның кредиторлар алдындағы міндеттемесін орындап, талап ету құқығын алады. Сонымен, ұйым банкрот деп танылғаннан кейін аталған қос қатысушы өз талаптарын КТТ-ға ендіруді талап етіп сотқа жүгінеді. Төменгі сатылардағы соттар талапты қанағаттандырады. Алайда, РФ ЖС-ның экономикалық даулар жөніндегі Сот алқасы төменгі сатыдағы соттардың шешімдерінің күшін жойып, істі қайта қарауға жібереді. Егер, заем беруші «қатысушы» мәртебесін иеленбеген жағдайда бұл қатынастардың туындамауының мүмкін екендігі бұл істегі басты дәйек болды. И.Стасюк өзінің зерттеу мақаласында РФ ЖС-ның бұл ұстанымымен келісетіндігін білдіреді.<sup>10</sup> Келесі бір ресейлік зерттеуші А.Г. Карапетовте құқыққолдану тәжірибесіндегі жасалынған бұл байламдарға оң баға береді.<sup>11</sup>

#### *Германия тәжірибесі.*

А. Шайдуллин өзінің зерттеу жұмысында қатысушының (құрылтайшының) заем шартынан туындайтын талаппен ұйымға жүгінуі жайлы даудың неміс құқыққолдану тәжірибесінде алғаш рет 1937 жылы қаралғандығы туралы дерек келтіреді.<sup>12</sup> Бұл істе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жалғыз қатысушысы қаржы тапшылығын сезінген серіктестікке заем шарттарының негізінде қаражат ұсынады және сыртқы кредиторлардың алдында серіктестіктің міндеттемесі бойынша кепіл болушысы болады. Кейіннен, серіктестік банкрот деп танылғанда заем шарттары арқылы берген қаражатын кері талап етіп, КТТ енбек болады. Бірақ, сот қатысушының бұл әрекетін өзге кредиторлардың құқықтарын бұзу, құқықты қиянат етуге қолдану және адалдық талаптарына қайшы деп есептеп, талапты қанағаттандырусыз қалдырады. Бұл ұстанымды кейіннен, Германияның Федеральдық Жоғарғы

<sup>9</sup>Там же. С. 41-42, 43.

<sup>10</sup>Стасюк И.В. Квалификация заемных требований участника общества к обществу в деле о банкротстве // Вестник экономического правосудия Российской Федерации. № 11, 2017. С. 9.

<sup>11</sup>Карапетов А.Г. Субординация требований контролирующих должника лиц при банкротстве: некоторые промежуточные тезисы. URL: [https://zakon.ru/blog/2018/7/3/subordinaciya\\_trebovanij\\_kontroliruyuschih\\_dolzhnika\\_lic\\_pri\\_bankrotstve\\_nekotorye\\_promezhutochnye\\_t](https://zakon.ru/blog/2018/7/3/subordinaciya_trebovanij_kontroliruyuschih_dolzhnika_lic_pri_bankrotstve_nekotorye_promezhutochnye_t) (10.10.2018).

<sup>12</sup>Шайдуллин А. Субординация требований контролирующих лиц в Германии и Австрии. Компаративная справка к научно-практическому круглому столу Юридического института «М-Логос» на тему «Судьба договорных требований контролирующих компанию лиц и иных аффилированных кредиторов при банкротстве компании» (Москва, 27 апреля 2018 года). URL: [http://m-logos.ru/img/M-Logos\\_Shaidullin\\_27042018.pdf](http://m-logos.ru/img/M-Logos_Shaidullin_27042018.pdf) (10.10.2018).

Сотының «Lufttaxi» ісінде дамыта түскендігі айтылуда. Сондай-ақ А. Шайдуллин өзінің еңбегінде 2008 жылғы реформаға сәйкес неміс құқығында қатысушының заем шарты арқылы ұйымға берген қаражатын кері талап ету талабының ең соңғы кезекте болатындығына назар аударады.<sup>13</sup>

Неміс құқыққолдану тәжірибесінде қатысушылардың талабының КТТ-ның соңына жіберілуінің астарында келесідей себептердің жатқандығына зерттеушілер назар аударады: 1) қаржылық тапшылықты бастан кешіп жтақан ұйым, заем тарту емес, акция шығарумен айналысуы тиіс; 2) компания тек сыртқы кредиторларды ғана қауіпке қоймауы тиіс; 3) қатысушы-кредиторлардың ақпаратты алу мүмкіндігі жоғары және бұл мүмкіндікті кредиторларға қарсы қолдануы мүмкін; 4) қатысушыларға өзге кредиторлардың мүлкімен «ойнауына» жол берілмеуі тиіс; 5) заем шарты арқылы қатысушылардан алынған қаражат ұйымның қаржылық жағдайы жақсы деген көрініс беруі мүмкін.<sup>14</sup> Сонымен бірге, неміс құқыққолдану тәжірибесінде талаптың соңғы кезекке жіберілмейтін тек екі жағдайының ғана бар екендігіне зерттеушілер назар аударады: - компаниядағы басқару лауазымын иеленбейтін, 10 және одан аз үлеске ие қатысушының талабы; - сыртқы инвестордың компанияны құтқаруы мақсатында қатысушылар құрамына кіру кезінде берген заемы.<sup>15</sup> Сонымен бірге, И.В. Кокорин неміс соттарының тек қатысушының өзін ғана емес сонымен бірге, аффилиирленген тұлғаларды да қоса алатындығын және заем шарты арқылы туындаған талап етуді, қатысушы өзге тұлғаға берген ретте де осы ереженің қолданылатындығына назар аударады.<sup>16</sup>

Осы шағын шолуды қорытындылай келе, келесідей байламдар жасауға болады: *біріншіден*, заң шығарушы «кредиторлар талаптарының тізіліміне борышкер құрылтайшыларының (қатысушыларының) талаптары енгізілмейді» деп бекіткенімен, құқыққолдану тәжірибесі басқа бағытта дамып бара жатқандығын аңғарамыз; *екіншіден*, құрылтайшы (қатысушы) талабының КТТ-ға енгізілмейтіндігі барлық жағдайда бірдей қолданылады ма, деген сауалдың басы ашық күйінде тұрғандығын көрудеміз; *үшіншіден*, заң шығарушы тек, құрылтайшы (қатысушы) тұлғасына ғана назар аударып, аталған тұлғалар ықпал ете алатын не аталған тұлғалармен байланысы бар өзге тұлғаларды назардан тыс қалдырғандығын көреміз.

### **М.А. Естемиров: Правовое регулирование включения требований учредителей (участников) в реестр требований кредиторов.**

В статье анализируются вопросы правового регулирования и правоприменительной практики по включению требований учредителей (участников) в реестр требований кредиторов. Автор обращает внимание на сложившиеся противоречия в практике по применению правовых норм, регулирующих вопросы включения тре-

<sup>13</sup>Шайдуллиннің А. Жоғарыдағы еңбегі. URL: [http://m-logos.ru/img/M-Logos\\_Shaidullin\\_27042018.pdf](http://m-logos.ru/img/M-Logos_Shaidullin_27042018.pdf) (10.10.2018).

<sup>14</sup>Алоян А.Э. Проблемы имплементации доктрины recharacterization в российскую правовую систему // Вестник гражданского права. № 6, 2017. С. 229.

<sup>15</sup>Кокорин И.В. Все кредиторы равны, но некоторые равнее других // Вестник экономического правосудия Российской Федерации. № 2, 2018. С. 131.

<sup>16</sup>Там же.

бований учредителей (участников) в реестр требований кредиторов в процедуре банкротства.

*Ключевые слова:* банкротство; кредитор; должник; учредитель (участник); юридическое лицо; реестр требований кредиторов; договор займа; договор аренды; трудовые отношения; заработная плата.

### **M. Yestemirov: Legal regulation of inclusion of claims of shareholders (partners) in the creditor's register.**

The article analyzed the issues of legal regulation and law enforcement practice of including the requirements of the shareholders (partners) in the creditor's register. The author pays attention to the existing contradictions in law enforcement practice on the application of legal norms governing the inclusion of the requirements of the shareholders (partners) in the creditor's register in bankruptcy proceedings.

*Keywords:* bankruptcy, creditor, debtor, shareholder (partner), legal entity, creditor's register, loan agreement, lease agreement, labor relations, salary.

#### **Библиография:**

1. Dr. Raoul Wagner. Equitable subordination in the US and 'Eigenkapitalersatz' in Austria – is there a need for codification? URL: <http://www.raoulwagner.com/Raoul%20Wagner%20equitable20subordination%20USA%20-%20Austria.pdf> (08.10.2018).
2. Алюян А.Э. Проблемы имплементации доктрины recharacterization в российскую правовую систему // Вестник гражданского права. № 6, 2017.
3. Дигесты Юстиниана / Перевод с латинского; Отв.ред. Л.Л. Кофанов. Т. I. 2-е изд., испр. М.: Статут, 2008.
4. Суворов Е.Д. Банкротство в практике нового Верховного Суда РФ за первый год работы (2014-2015): акты и комментарии. – М.: Статут, 2016.
5. Стасюк И.В. Квалификация заемных требований участника общества к обществу в деле о банкротстве // Вестник экономического правосудия Российской Федерации. № 11, 2017.
6. Карапетов А.Г. Субординация требований контролирующих должника лиц при банкротстве: некоторые промежуточные тезисы. URL: [https://zakon.ru/blog/2018/7/3/subordinaciya\\_trebovanij\\_kontroliruyuschih\\_dolzhnika\\_lic\\_pri\\_bankrotstve\\_nekotorye\\_promezhutochnye\\_t](https://zakon.ru/blog/2018/7/3/subordinaciya_trebovanij_kontroliruyuschih_dolzhnika_lic_pri_bankrotstve_nekotorye_promezhutochnye_t) (10.10.2018).
7. Шайдуллин А. Субординация требований контролирующих лиц в Германии и Австрии. Компаративная справка к научно-практическому круглому столу Юридического института «М-Логос» на тему «Судьба договорных требований контролирующих компанию лиц и иных аффилированных кредиторов при банкротстве компании» (Москва, 27 апреля 2018 года). URL: [http://m-logos.ru/img/M-Logos\\_Shaidullin\\_27042018.pdf](http://m-logos.ru/img/M-Logos_Shaidullin_27042018.pdf) (10.10.2018).
8. Шайдуллин А. Жоғарыдағы еңбегі. URL: [http://m-logos.ru/img/M-Logos\\_Shaidullin\\_27042018.pdf](http://m-logos.ru/img/M-Logos_Shaidullin_27042018.pdf) (10.10.2018).
9. Алюян А.Э. Проблемы имплементации доктрины recharacterization в российскую правовую систему. // Вестник гражданского права. № 6, 2017.
10. Кокорин И.В. Все кредиторы равны, но некоторые равнее других // Вестник экономического правосудия Российской Федерации. № 2, 2018.



**References (transliterated):**


1. Dr. Raoul Wagner. Equitable subordination in the US and ‘Eigenkapitalersatz’ in Austria – is there a need for codification? URL: <http://www.raoulwagner.com/Raoul%20Wagner%20equitable20subordination%20USA%20-%20Austria.pdf> (08.10.2018).
2. Aloyan A.Eh. Problemy implementacii doktriny recharacterization v rossijskuyu pravovuyu sistemu // Vestnik grazhdanskogo prava. № 6, 2017.
3. Digesty Yustiniana / Perevod s latinskogo; Otv.red. L.L. Kofanov. T. I. 2-e izd., ispr. M.: Statut, 2008.
4. Suvorov E.D. Bankrotstvo v praktike novogo Verhovnogo Suda RF za pervyj god raboty (2014-2015): akty i kommentarii. – M.: Statut, 2016.
5. Stasyuk I.V. Kvalifikaciya zaemnyh trebovanij uchastnika obshchestva k obshchestvu v dele o bankrotstve // Vestnik ehkonomicheskogo pravosudiya Rossijskoj Federacii. № 11, 2017.
6. Karapetov A.G. Subordinaciya trebovanij kontroliruyushchih dolzhnika lic pri bankrotstve: nekotorye promezhutochnye tezisy. URL: [https://zakon.ru/blog/2018/7/3/subordinaciya\\_trebovanij\\_kontroliruyushchih\\_dolzhnika\\_lic\\_pri\\_bankrotstve\\_nekotorye\\_promezhutochnye\\_t](https://zakon.ru/blog/2018/7/3/subordinaciya_trebovanij_kontroliruyushchih_dolzhnika_lic_pri_bankrotstve_nekotorye_promezhutochnye_t) (10.10.2018).
7. Shajdullin A. Subordinaciya trebovanij kontroliruyushchih lic v Germanii i Avstrii. Komparativnaya spravka k nauchno-prakticheskomu kruglomu stolu Yuridicheskogo instituta «M-Logos» na temu «Sud’ba dogovornyh trebovanij kontroliruyushchih kompaniyu lic i inyh affilirovannyh kreditorov pri bankrotstve kompanii» (Moskva, 27 aprelya 2018 goda). URL: [http://m-logos.ru/img/M-Logos\\_Shaidullin\\_27042018.pdf](http://m-logos.ru/img/M-Logos_Shaidullin_27042018.pdf) (10.10.2018).
8. Shajdullinnin A. Zhogarydagy enbegi. URL: [http://m-logos.ru/img/M-Logos\\_Shaidullin\\_27042018.pdf](http://m-logos.ru/img/M-Logos_Shaidullin_27042018.pdf) (10.10.2018).
9. Aloyan A.Eh. Problemy implementacii doktriny recharacterization v rossijskuyu pravovuyu sistemu. // Vestnik grazhdanskogo prava. № 6, 2017.
10. Kokorin I.V. Vse kreditory равны, но некоторые равнее других // Vestnik ehkonomicheskogo pravosudiya Rossijskoj Federacii. № 2, 2018.

**НОВЫЕ КНИГИ**

**Звягинцев, Александр Григорьевич.**

**Нюрнберг: главный процесс человечества.** Москва: Эксмо, 2016. – 960 с.  
(К 70-летию Нюрнбергского процесса).

ISBN 978-5-699-91716-7



Нюрнбергский международный военный трибунал быстро – и не напрасно – окрестили «процессом века». Книга известного юриста и историка А.Г. Звягинцева – самое полное и всестороннее исследование этого процесса. Книга основана на редких архивных документах, малодоступных источниках, новейших исследованиях, а также воспоминаниях современников и непосредственных участников тех событий.

Решения Нюрнбергского трибунала не только подвели черту под преступлениями нацистов в ходе Второй мировой войны и дали оценку нацизму и фашизму как системе. Оценки трибунала самым серьезным образом повлияли на всю систему международного права и послевоенных международных отношений. Сегодня, когда международная агрессия – тягчайшее преступление по определению Нюрнбергского трибунала – становится едва ли не обыденным явлением, работа А.Г. Звягинцева актуальна, как никогда.